

**САПА САЛАСЫНЫҢ
МАҚСАТТАРЫ**

10 Қыркүйек, 2025 жыл
күні

Алматы қ.

**ЦЕЛИ В ОБЛАСТИ
КАЧЕСТВА**

№ ЦОК- 03-25

г. Алматы

**Мемлекеттік сатып алулар секторының 2025-2026 оқу жылына арналған
сапа саласындағы мақсаттары**

ҚР МСМ МК»Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ (ары қарай - Консерватория) Мемлекеттік сатып алулар секторының 2025-2026 оқу жылындағы сапа саласындағы мақсаттары ЖОО-ны ISO 9001:2015 «Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар.» халықаралық стандарттармен реттелген, сапа менеджменті жүйесінің талаптарына барынша сәйкес болуға және СМС нәтижелілігін үнемі жақсартуға алып келу болып табылады. Соның ішінде: тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің электронды түрдегі мемлекеттік сатып алуларды Консерватория қызметінің үздіксіздігі мен мемлекеттік сатып алуларды құқықтық реттеу қағидаларын сақтай отырып мемлекеттік сатып алуларға пайдалануға түскен, пайдалануға жұмсалар қаржылай шығатын шығынды оңтайлы да тиімді түрде ұйымдастыру мен жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

1. Мемлекеттік сатып алулар секторының мақсаттары мен міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңын сақтай отырып, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуларды жоспарлаудың, ұйымдастырудың және орындаудың тиімділігін қамтамасыз ету;

2) ҚР қолданыстағы заңына сәйкес, білім берудің және қалыпты қызмет етуі үшін Консерваторияның барлық бөлімшелерін тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен қамтамасыз ету;

3) Мемлекеттік сатып алулар үшін пайдаланылатын қаражатты оңтайлы да тиімді жұмсау жолымен мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру және өткізу;

4) Мемлекеттік сатып алу шараларын ашықтықпен және жариялылықпен қамтамасыз ету;

5) Басшылықтың сапа менеджменті, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы және басқа да тиімді басқару саясатын жүзеге асыру;

6) Жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың корпоративтік мәдениетін қалыптастыру;

7) Қызмет сапасы менеджменті жүйесінің, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің және Консерваторияда енгізілген басқа да жүйелердің жұмыстарын жақсарту мақсаттарына қол жеткізу.

Ректор аппаратының басшысы



В. Сиротин

Мемлекеттік сатып алулар
секторының басшысы



Г. Көшербаева